**Мерейтой**

# ЗЕРДЕЛІ ОЙДЫҢ ЗЕРГЕРІ



Халқымыздың тереңде қалған мәйекті сөзін тірілткен, зерделі ойдың зергері, белгілі жазушы, шежіреші, этнограф, өлкетанушы, Қарағанды облысының Құрметті азаматы және Шет ауданының Құрметті азаматы, «Көкбөрі Керней баба» қорының президенті, жерлесіміз Төрехан Майбас ағамыздың 70 жасқа толу мерейтойы аталып өтуде.

Төрехан Әкімжанұлы Майбас 1954 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданының Ақшатау кентінде дүниеге келген. Әдебиетке деген зор сүйіспеншілік бала кез, балғын шақтан бастау алып, шығармашылыққа қызығушылығын арттырды. 1980 жылы КарМУ-дың филология факультетін бітірген. Ақадыр аудандық «Ақадыр таңы-Агадырская новь» газетінің редакторы болып жұмыс істеді, көп жылдар бойы «Орталық Казақстан» газетінде еңбек етті. «ҚазАқпарат» баспасының директоры және Қарағанды облысындағы «Жас Қазақ» республикалық апталығының корреспонденті болды. Газет бетінде талай тұлғалы азаматтар туралы портреттік мақалалар, ел мен жер тарихы, батырлар мен билер туралы зерттеу- әфсаналар, танымдық дүниелер жазып келеді. Шет өңірінен шыққан Дияқажы, Сәбит Адамияұлы сынды көптеген ақындардың шығармаларын жинақтады, ауданның энциклопедиясын шығарды, «Көкбөрі Жарылғап», «Сеңкібай батыр», «Жалаңтөс», «Бәйсейіт би» сынды көлемді туындылар жазды. Сонымен қатар, Төрехан Майбастың этнографиялық- танымдық ізденістері ерен. Ағамыздың журналистика мен әдебиет дамуына қосқан үлесі баға жетпес екенін айта кету керек. Көптеген этно - танымдық мақалалардың, «Кенді өлке», «Керней шежіресі», «Елқұжат», «Абадан», «Айбар», «Жауһар», «Тағылым», «Шікіл», «Портреттер», «Көкбөрі Керней дейтін елміз», «Тәңірқұрт», «Құрмалдық», «Алжыған ғасыр» тағы басқа кітаптардың авторы. Қаламгердің асқақ, арналы, өр рухани өмірінің айнасы іспетті- шығармашылық мұрасы, қоғамдық қызметі түлеген өлке тарихында алтын әріптермен таңбаланатындығы айқын. Өнегесі мол, тағылымды туындылары мен рухани құндылықтары бүгінгі қоғамдық ой - сана үшін аса зор маңызға ие екендігіне сөз жоқ. Ойы зерделі, тілі шұрайлы, білімі терең қаламгер ағамыздың терең шығармашылығы мен жинақталған өлке шежіресі ұрпаққа үлгі, болашаққа аманат.



Біздер, болашақ елдің кемеңгерлері, еліне адал қызмет етіп, елін, жерін бар ықылас сүйіспеншілігімен қорғап, ұлттық дүниетанымды негіз етіп жоғарыға жетелей білген аға буын өкілдеріне қарап еліктейміз, тамсанып-таңырқаймыз және ең бастысы үлгі аламыз. Жүріп өткен жолынан бөлек, тұлғасы, шығармашылығы өз алдына бір төбе, өнегеге толып жатыр емес пе? Төрехан ағамыздың ұлағатты әр сөзінде «дәм» бар. Әр жазбасы тарих сахнасында ақ жазумен қалатын тұлғаның мұраларымен сусындау, оны тұла бойға дарыту борыш, міндет екені сөзсіз.

Жақында Төрехан ағаны 70 жас мерейтойымен құттықтап, Шет аудандық археологиялық - этнографиялық музей ұжымы атынан музей басшысы С.Қамытбаева және экскурсовод ретінде өзім арнайы барып ізгі тілектерімізді, жылы лебіздерімізді айтып, ағамыздың біраз мәдени - рухани әңгімеге толы сұхбатының куәсі болдық.

Сонымен қатар, «Өткен күн, бүгініміз бен болашағымыз - бәрі кітапта» - демекші, қоржынымыз мол рухани мұра - кітап дүниесіне толып, ерекше байлыққа ие болып қайттық. Ағамызға зор денсаулық, сарқылмас қуат пен амандық, шығармашылық табыс, қажымас қайрат, елі үшін еткен еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз арта берсін дегіміз келеді.

**Әлия КОКИНА,**
**аудандық музей экскурсоводы.**